

Баспасөз хабарламасы

27 ақпан 2025 жыл

Астана қ.

Бүгін «Ауыл» партиясы Саяси Кеңесі Төралқасының отырысы өтті. Күн тәртібінде екі сұрақ қарастырылды.

Бірінші сұрақ Ақтөбе өңірлік филиалының партия Жарғысын өрескел бұзуы болды. Атап айтқанда, бекітілген тәртіпті бұза отырып, облыстық мәслихат депутатының мандатын қайта бөлу жүргізілді.

Төралқа мүшелері Ақтөбе облысы облыстық филиалының төрағасы А. Базарғалиевке жеке және партиялық іске енгізіле отырып, қатаң сөгіс жариялау түрінде жауапқа тарту туралы шешім қабылдады.

Екінші мәселе партия төрағасының орынбасары Жигули Дайрабаевты қызметінен босатуға қатысты болды. Төралқа мүшелері бұл шешімге бірауыздан дауыс берді.

«Ауыл» партиясы баспасөз қызметі